

Өңірде трамвай шаруашылығын жаңғырту жобасы жүзеге асырылуда. Осыған орай облыс орталығында №7, 10 бағытта жүретін жаңа трамвайлар жолға шықты. Оларды павлодарлық кәсіпорынның тапсырысымен Беларусь компаниясы жасаған.

Жаңа трамвайлар ЖОЛҒА ШЫҚТЫ



Мереке АМАНТАЙ

Вагондар заман талабына сай жарақталған. Мамандар жаңа жолаушылар көлігі аймақтың аязды ауа райына төзімді дейді.

- Бұл - Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлескен жоба. Оның шеңберінде жылжымалы құрам біртіндеп жаңартылып жатыр. Бүгінде қалған трамвайлар Беларусь мемлекетіндегі «Белкоммунмаш» зауытында құрастырылып жатыр, - дейді «Павлодар қаласының трамвай басқармасы» АҚ басқарма төрағасы Айтуар Жанғазин.

Бүгінде жұртшылық тарапынан жоғары сұранысқа ие қоғамдық көлік желісі әбден тозған. Сала мамандарының айтуынша, трамвайлардың 90%-дан астамы ескірген күйде жолаушы тасымалдауда. Бұл жергілікті биліктің бірнеше жыл бұрын трамвай шаруашылығы тұтастай жаңғыртудың арнайы бағдарламасын қолға алуға себеп болды. Нәтижесінде Еуропалық қайта құру және даму банкі 1 миллиард 987 миллион теңгеге жаңа трамвай сатып алуға несие берген. Сондай-ақ, трамвай паркін жаңартуға республикалық бюджеттен 742 млн. 560 мың теңге бөлінген.

«Павлодар қаласының трамвай басқармасы» АҚ баспасөз хатшысы Тимофей Голевтің айтуынша, өңірімізге бес вагонға арналған қозғалтқыштар жеткізілді. Жыл соңына дейін тағы да әкелу жоспарлануда. Қазіргі кезде арнайы кесте бекітілген, соған сәйкес барлық 23 вагон 2018 жылдың наурыз айының соңына дейін жеткізіледі.

Айта кетейік, бүгінгі таңда трамвайлар қаланың барлық жолаушылар тасымалының 40%-на қызмет етеді. Облыс орталығындағы трамвай жолдарының жалпы ұзындығы 90 шақырымға жуық. Бұл - еліміздегі ең ірі трамвай жүйесі.